

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Құдай. 1-бөлім



Мақсаты – Антика кезеңіндегі теологиялық философияны, соның ішінде, Ксенофан, Сократ және Платондағы құдай және діндарлық туралы ілімдерін қарастыру.

Жоспары:

1. Ксенофанның табиғи теологиясы.
2. «Сократ және Платон діндарлық жайында».
3. Платондағы теологияның дамуы.

Түйін сөздер

Құдайлар, сенім, теология, пантеизм, антропоморфизм, монотеизм, діндарлық, әулиелік, атеизм.

Гомер поэмаларындағы кейіпкерлердің ішінде құдайлар мен құдай-әйелдер елеулі орын алады. Ең жоғарғы құдай Зевс, оның зайыбы Гера, отбасының он мүшесі; ішінде қызы Афина бар, махаббат құдайы – Афродита, теңіз құдайы – Посейдон, бәрі бақыт нұрына бөленген мекен Олимп тауында тұрады. Оларды Илиада мен Одиссейдегі адам батырлардың әрекеттері қатты қызықтырады. Алып тұлғалы болмаса, құдайлар мен құдай-әйелдер адамдарға ұқсас. Оларға да адам эмоциялары мен кемшіліктері тән. Олар қарапайым адамдармен ойша да, тәндік те қатынас жасай береді. Бірақ мұның ақыры әдетте апатқа апарып соғады. Құдайлар мен адамдардың бір ғана түбегейлі айырмашылығы бар – адамдар өледі, ал құдайлар өлмейді.

Ксенофанның табиғи теологиясы

Құдай туралы осындай тұжырымдаманы ең алғашқы болып діни философ Ксенофан қатаң сынға алды. Тек үзінділері ғана сақталған сатиралық өлеңдерінде ол Гомердің Құдайнамасына ерекше шүйлікті. Оның ойынша, Гомер өз әңгімелерінде ұрлық, зинақорлық, алдау сияқты адамдар арасында масқара саналатын нәрсенің бәрін құдайларға таңады. Гомер құдайлары өз мәртебесіне лайық әрекет етсе де, адамдарға тым қатты ұқсайтындықтан олардың құдіреттілігіне сену қиын. Адамдар құдайларды өздеріне ұқсас етіп елестетеді. Эфиоптар құдайлар жалпақ мұрынды және қара түсті десе, фракиялықтар оларды көк көзді және қызыл шашты деп ойлайды. «Егер бұқалардың, жылқылардың және арыстандардың қолдары болып, сурет сала алса, онда құдайларды бұқалар – бұқаға, жылқылар – жылқыға ұқсатып, өз денелерімен бірдей етіп салар еді».

Ксенофан мұндай балаң антропоморфизмнің орнына тереңірек ойластырылған монотеизм идеясын ұсынды. Тек бір ғана Құдай бар. Өйткені Құдай барлық тіршілік иелерінен құдіретті. Егер бір Құдайдан көп болса, бірде-бір Құдай басқаларға үстемдік ете алмас еді және олардың ешқайсысы өз ойындағысын жүзеге асыра алмас еді. Құдай әрқашан болған. Ол өзі сияқты құдіретті күштен пайда болуы мүмкін емес. Өйткені әлемде оған тең келер ештеңе жоқ. Басқа күштен де жаратылуы мүмкін емес. Себебі одан кем күш оны жарата да алмас еді. Құдай – тіршілік иесі. Бірақ адамдарға және аңдарға ұқсаған органикалық жаратылыс емес. Құдай мүшелерден құралмайды және «бүкіл болмысымен көреді, ойлайды және естиді». Құдай әлемдегі нәрселердің бірімен де тәндік байланыста болмайды. Бірақ «әрқашан, ешбір күшке сүйенбей бір жерде болады, ойдың күшімен бәрін басқарады».

Құдай туралы орнықты, мазмұнды тезистерін дәлелдей алуға дайын болғанына қарамастан, Ксенофан теологиясы, негізінен, теріс мағыналы. Ол Құдайдың шектілігін де, шексіздігін де қабылдау қиын дейді. Сол сияқты, «Жаратушы өзгере ме, өзгермей ме?» деген сауалдың әр қырына бірдей салмақты дәлел табады. Ксенофанның Құдайы шынында да тылсым жаратылыс па, әлде элеялықтардың әлемі секілді құпиялы дүниемен байланысты ма деген сұраққа келгенде біздің кейбір дереккөздеріміз нақты жауап бере алмайды. «Құдайлар туралы нағыз ақиқатты адам білмеген және білмек емес». Әрине, Ксенофан ең алғашқы монотеист емес. Оның ертедегі ізашарлары қатарында Мысырдағы Эхнатон және одан кейініректе Израиль яһудилерінің пайғамбарлары болған. Алайда Ксенофан монотеизмі ерекше, ол – пайғамбарлық аян емес, рационалды дәлелдеулердің нәтижесі. Ғасырлар өткеннен кейінгі айырмашылық



тұрғысынан қарасақ, пайғамбарлар Құдайдан келген діндерді жариялады, ал Ксенофан табиғи теолог болды деп айтуымызға болады.

Сократ пен Платон діндарлық жөнінде

Платон «Мемлекет» атты еңбегінде, Ксенофаннан соң, Гомер мен Гесиодтың құдайлар туралы жиіркенішті әңгімелерін сынады. «Тарихтар мектеп бағдарламасынан алып тасталуы керек, өйткені бұл барып тұрған өтірік және оқырмандарында тек зұлымдықты уағыздайды. Балаларға құдайлар арасындағы шайқастар мен олардың жануарлардың немесе адамдардың кейпіне енгені туралы ертегілерді тыңдаудың қажеті жоқ». «Құдайлар мейірімді және ешкімге зиян келтірмейді. Дүниедегі бар жақсылық Құдайдан. Ал Оның адамдарды жазалауы оларды тәубесіне келтіру үшін керек шара». Және тағы да, «Құдай өзгермейді, жұртты жалған және жасырын нәрселермен алдамайды».

Қазіргі оқырмандарға Платонның Гомерге және басқа ақындарға шүйліккені тым артық секілді көрінуі мүмкін. Егер біз «Илиада» мен «Одиссейдің» грек білім беру саласындағы негізгі орнын және олардың күнделікті өміріндегі діннің маңызын еске алсақ, онда көп нәрсе айқындалады. Гректер ешқашан «кітап иелері» болған емес деген сөз рас. Сондықтан, Гомерлік поэмалар олардың өмірі мен діни билік көзқарасына Тәурат, Інжіл немесе Құран сияқты әсер еткен жоқ. Алайда Гомер мен Гесиод әңгімелерінің білім берудегі ықпалы қазіргі қоғамдағы ертегілер мен балаларға арналған кітаптардың әсерімен салыстырғанда әлдеқайда маңыздырақ болды. Осы тұрғыдан алғанда, Платонның дауы түсінікті. Бұл үшін едәуір ерлік қажет еді. Өйткені Сократ жастарға қала тұрғындарының сенетін құдайларына сенбеңдер дегені үшін өлім жазасына кесілген болатын.

Сократ сонымен қатар, жаңа құдайларды уағыздады деп айыпталды. Бұл оның адамның ішінде түрлі қателіктерден сақтандыратын «daimon», яғни Құдай дауысы болады дегеніне байланысты еді. Бұдан басқа ойларының бәрінде ол гректердің дәстүрлі дініне құрметпен қарады. Рас, ол басқа ізгіліктер туралы да нақты білмейтінімдей, діндарлық дегеннің не екенін түсінбеймін деген еді. Дегенмен Сократтың «Евтифрон» диалогінде діндарлықты немесе әулиелікті «Құдайға ұнамды нәрсе» деп нақтылауы, қызықты пікірталасқа ұласқан.

Құдайлар әулиелікті тек әулиелігі үшін ұната ма, әлде құдайларға ұнаған нәрсеге ғана әулиелік тән бе? деп сұрайды Сократ. Евтифрон «әулиелік құдайларға ұнаған соң әулиелік болып аталмайды. Құдайлар әулиені оның әулиелігі үшін ұнатады» деп жауап береді. Соған сәйкес, Сократ «Құдайларға ұнамды нәрсені» қысқартып, «діндарлық» деп атау қажет дейді. Сәйкесінше, Евтифрон өз тезисінде «діндарлық» деген атауды «әулиелік» деп ауыстыруға болатынын айтады.

(А) Құдайлар діндарлықты сүйеді, өйткені олар Құдайға сыйынады.

Екінші жағынан, айқын нәрсе:

(В) Құдайға сыйынған адам діндар, өйткені оны құдайлар сүйеді.

Осыдан бері «діндар» деген сөз «Құдайлар сүйетін» деген синониммен ауыстырылған. Сократ Евтифронның айнымалылығын бетіне басып, оны әулиелік – Құдайлар сүйетін нәрсе деген ойдан бас тартуға шақырды. Алайда А мысалы мен В мысалы бір-біріне еш қайшы емес: келтірілген «өйткені» деген сөз екі тұжырымда түрлі мақсатта қолданылған – А-да ол құдай мүддесін анықтайды. Ал В-дағы міндет біздің түсінуімізге байланысты өзгере беруі мүмкін. Қазақ тілінде ол екеуін де рас деуге болатын параллельді нүктені қоюға болады:

(С) сот ол сот, өйткені ол сот болып жұмыс жасайды (яғни ол мұны жұмысы болғандықтан жасайды); және (D) сот сот болып табылады – өйткені ол сот болып жұмыс жасайды (сондықтан, оны сот деп атайды).

Алайда Евтифрон келтірілген анықтамалардан бас тартып, «әулиелік дегеніміз – Құдайға қызмет етудегі әділеттілік» деген басқа анықтама ұсынады. Алайда бұл анықтама да сәтсіз. Адамдар Құдайға қандай қызмет етуі мүмкін? Сократ құрбандық шалу идеясын құдайлармен саудаласудың бір түрі деп келемеждеді. Өйткені біз Құдайдан жалбарынып сұраған нәрсеміздің орнына оларға лайық ештеңе де бере алмаймыз. Егер Платонның «Евтифроны» Сократтың жан-жақты сұрақ қою әдісін шынайы көрсете алса, онда біз Афинаның діндар халқы неге оны



құдайсыздықты уағыздаушы және жастарды күпірлікке азғырушы деп айыптағанын түсіне аламыз.

Сократтың тағы бір диалогі «Екінші Алкивиад» (мұны жазған Платон болмауы да мүмкін) мінәжат ету практикасы жайында дефляциялы пікірталастан құралған. Қалаған нәрсемізді сұрағанда, біз өзімізге залал келтіретін нәрсені де тілеуіміз мүмкін. Мінәжаттың қабыл етілген нәтижесі біз үшін апат болып шығуы да ықтимал. Өзімізге не жақсы екенін білмегендіктен, кез келген нәрсені сұрай бермеуіміз керек, яғни спарталықтар сияқты, жақсылық пен игілік қана тілеп, басқаны тәптіштеп сұрамаған дұрыс. Құрбандық шалу мен діндарлық етуге келгенде афиналықтар спарталықтарға қарағанда әлдеқайда діндар. Бірақ шайқастарда әрдайым спарталықтар жеңіп шығады. Таңғаларлық емес пе? – «Егер құдайлар біздің жанымыз бен ондағы тазалық пен әділдіктен гөрі өздеріне шалған құрбандық пен тартуларды артық көрсе, бұл түсініксіз әрі өкінішті жағдай болар еді».

Платон теологиясының дамуы

Платонның дінге көзқарасы оның басқа метафизикалық сенімдерімен бірге дамыды. «Мемлекеттің» басты бөлігінде Ғаламның шыңында Құдайдың жеке өзі отырған жоқ. Ол жерде біздің күнделікті қалыптасу әлемінде Күн маңызды орын алатын секілді, болмыстың идеалды әлемінде Қайырымдылық идеясы орналасқан. Негізінде, барлық нәрсе өз тіршілігі үшін олардың бәрінен де жоғары тұратын абсолютті қайырымдылыққа қарыздар. «Симпозиумда» ең жоғарғы қайырымдылық ұлы Сұлулық идеясының кейпінде. Онда абыз әйел Диотима Сократқа тылсым діни ғұрыптарға лайық сөздердің көмегімен жанның ең жоғарғы сатысына көтерілуін сипаттайды. Адамдар мәңгі өмірді аңсайды. Бұл аңсар көбеюге, ұрпақтарын қорғаштауға, тарихта қаларлық ерліктерге және мәңгілік құндылық болардай өнер туындыларын жасауға мәжбүрлейді. Бірақ мұның бәрі махаббат құпиясына жетпейді. Ұлы құпияға жету үшін адам тән мен жанның әсемдігінен, ғылым мен білімнің тартымдылығынан жоғарылап, мәңгі және өзгермейтін абсолютті сұлулыққа жанасуы керек. Ең қастерлі өмір Құдайдың абсолютті, қайталанбас сұлулығын ақылмен түйсінуден тұрады. Өйткені махаббаттың осыған ұқсас жоралары ғана әр адам болмысының мәңгі өмір сүруінің бастамасы бола алады.

Діни астары мен сөз саптауына қарамастан, «Мемлекеттегі» Қайырымдылық идеясы «Симпозиумдағы» Сұлулық идеясынан аса ерекшеленбейді. «Софистегі» осындай факт Идеялар теориясын түбегейлі қайта қарауға себепші болды. «Өзгеріс, өмір, жан және даналық бәрінен де асқақ жаратылысқа тән емес, ол өмір сүрмейді де, ойламайды да, Қозғалыссыз болса да – ұлы қалпында, ойсыз болса да – қасиетті сипатында қала бермек деген ойларға оп-оңай сене саламыз?» деп сұрайды элялық қонақ.

«Тимей» диалогін жазу кезінде Платон негізгі монотеистік діндерге жақын Құдай тұжырымдамасына жетті. Диалогтің тақырыбы – біз тіршілік ететін дүниенің шығуы туралы. Дүние ықылым заманнан бері бар ма, әлде пайда болды ма? Дүние көрнекі және оны сезуге болғандықтан, ол бір кезде жаратылуы тиіс. Бірақ «Ғаламның жаратушысын және әкесін табу» оңай жұмыс емес. Ғарыштың болмысқа айналу себебі неде? Платон үшін Құдай дүниені жоқ жерден жаратушы емес-ті. Ол хаосты реттеу арқылы ғарышты жаратты. «Құдай барлығының жақсы, берекелі болғанын қалап, ештеңені де қажеттіліктен кенде қылмай, жаһанның ретсіздігін, ерсілі-қарсылы бейберекет қозғалыстан тауып, оны бұл жағдайдан шығарып, белгілі бір жүйеге келтірді және осылай дұрыс болады деп санады». Содан соң диалог осы тәртіптің орнатылу барысын сипаттайды. Алдымен жан жаратылды, сосын аспанның көрінетін денелеріне жан енгізіліп, материя пайда болды. Ғаламда тіршілік иелерінің төрт түрі бар. Олар құдайлар, құстар, балықтар және жануарлар. Құдайлардың көрінетіні де, көрінбейтіні де бар. Көрінетін құдайлар – жұлдыздар, құдіретті де мәңгілік тіршілік иелері. Көрінбейтін құдайлар адамдарға өзінің қалаған кезінде көрінеді. Ғалам әміршісі төменгі тіршілік иелерін жаратуды өзі жаратқан ажалсыздардың еркіне берді. Кезек адам баласына келгенде, оның мәңгі жанын өзі жаратты. Өзінен төмен құдайларға соны бассүйекке салып қаптап, денесінің қалған бөлігін төменгі жағына орналастыруды тапсырды. Диалог көрінетін әлемді Құдайдың бейнесі деп санап, оны тек ақылмен түсінуге болады деп сипаттаумен аяқталады.



Платонның соңғы «Заңдар» диалогінде дінге көп көңіл бөлінеді. Мінсіз қала Магнезияда қатаң жазалармен қорқытып, атеизмге тыйым салынған-ды. Қаланың заңы бойынша, күпірлік танытқан адамды байқаған құзыретті қызметкер оны сот алдына әкелуге тиіс. Күпірлігі үшін айыпталған ол бес жылға жалғыз қамалып, ауыр жұмысқа салынып жазалануы керек. Күнә қайталанса, өлім жазасына кесіледі. Шектен шыққан құдайсыздыққа, яғни алаяқтыққа ұласқан атеизмге, «ерекше қасиеттерім бар» деп елді алдаушыға өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы кесіледі.

Магнезия заңгерлері жазалаудан гөрі дәлелдермен және сендірумен заңдарды сақтау көп пайда әкеледі деп, қатаң жаза шығарарда мынадай алғы сөздер келтіреді: «Құдайға сенген адам, заң бойынша ешқашан өз еркімен залымдық жасамайды. Заңмен тыйым салынған сөздерді айтпайды. Егер ол заңды бұзса, мұны үш себептің бірі бойынша жасауы мүмкін. Не ол Құдайдың бар екеніне сенбейді. Не Құдайдың бар екеніне сенеді, алайда олардың адам баласымен ісі жоқ деп есептейді. Не одан құрбандық немесе мінәжат арқылы кешірім аламын деп ойлайды».

Заңгерлер осы үш ақиқатты ашу арқылы айыптыларды қателесуден емдеп шығаратын міндетті өздеріне алады.

Құдайдың бар екенін Ғалам ғажаптары немесе жыл мезгілдерінің ауысуы арқылы дәлелдеу жеткіліксіз. Атеистер күн, ай, жұлдыздар – еш өсімдігі жоқ жер және тастар. Ал олардың элементтері мен қосындылары табиғаттың тек кездейсоқ жағдайлардың арқасында ғана өмір сүріп отыр дейді. Сондай-ақ, біреу Құдайдың бар екеніне гректер мен варварлардың бір ауыздан қалай келіскенін сұрауы мүмкін. Ондай сенімдер – бала кезден бергі идеологиялық жұмыстың нәтижесі, кейде құдай табиғаты туралы ойлар да бір жерден шықпайды дейді атеистер.

Атеизмді теріске шығару ертеден басталады. Дүниенің тәртібі кездейсоқ эволюциядан туындады деген көзқарасты ұстанатындардың негізгі қателігі, олар жанның тәннен үстем екенін түсінбейді. Жан кез келген денеден көп бұрын жаралған. Және нақты жан физикалық денелердің дамуы мен өзгеруінің себепкері. Жанның үстемдігі түрлі қозғалыстарды талдаумен дәлелденді. Олардың жалпы саны – он, бірақ ең маңыздысы екеу: (а) біріншісі басқаларға қозғаушы болса да, өз орайында, өзі өзгенің көмегімен қозғалысқа келеді; (б) өзін-өзі және өзге заттарды қозғаушы. Бірінші тектегі қозғалыстың дүниедегі қозғалыстарды жарата алмағаны белгілі. Ғарыштағы қозғалыс өзінен-өзі туындайтын қозғалыстан басталған. Бірақ өзінен-өзі туындайтын қозғалыс жанмен тең: яғни өзі қозғалатын – «тірі нәрсе» дегеннің анықтамасы.

Сондықтан, жан тәннен үстем болады және жан аспан әлемін басқарады. Егер, біз жан күнді қалай бақылай алады деп сұрасақ, үш түрлі мүмкін жауап бар:

Не күннің жаны бар. Ол адам денесінде жан айналып жүргені секілді өз денесінде айналып жүреді. Не болмаса, жан басқа тәнде. Ол күнмен байланысты болып, соның бағытын анықтайды, яғни жан мүлде материалды емес. Сондықтан ол күнді қандай да бір рухани күштің көмегімен басқарады. Қалай болса да, жан дегеніміз – құдай және Фалестің әлем құдайларға толы деген уәжі дұрыс. Енді құдайлар адамзаттың қамын ойлайтынын және оларға тарту-таралғымен немесе мінәжатпен ықпал етуге болмайтынын дәлелдеу керек. Олардың бізге қамқор екеніне сеніңкіремей, көңілге едәуір күдік ұялайтынының басты себебі, жексұрын адамдардың жасаған жаман қылықтарын елемей, олардың өсіп-өнуіне жол берулері. Алайда Ғарышты бақылайтын құдайлардың даналық, ұстамдылық, жігер сияқты ізгіліктердің иесі екеніне еш күмән жоқ. Олар жалқау болып, өздеріне кешірімді етіп жаралмаған. Құдайлар бәрін көреді, бәрін біледі, бәрін естиді. Және ажалдылар мен ажалсыздардың шамасы келетін нәрсенің бәрін жасай алады. Егер біздің тілектерімізді қабыл етпесе, олар оны білмей қалған болуы керек. Болмаса өздерін қызықтырған басқа бір нәрсеге алаңдап, байқамай қалған болуы мүмкін. Бірақ мұның бәрі ақылға қонбайды. Әлемді жаратумен салыстырғанда, адамдардың майда-шүйде істеріне қам жеу – баланың ойыны сияқты нәрсе.

Әділетсіздердің үстемдігі – уақытша және бұл анық. Құдайлардың ұлы ойларында оның өз орны бар. Көкке ұшса да, тамұққа жасырынса да, жасаған күнәлары үшін ешкім де жазадан құтыла алмайды. Күнәларын құрбандықпен, мінәжатпен жуып-шайғысы келгендер Құдайды жемтік үшін қасқырға сатылған қойбағар ит сияқты көреді.

Сонымен, біз Энтони Кенни кітабының тоғызынша тарауында баяндалған Ксенофан, Сократ, Платон философиясындағы діни мәселелерді қарастырдық. Келесі дәрісімізде антика философиясының теологиялық мәселелерін жалғастырамыз.



Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Гомер поэмаларындағы құдайлар мен адамдар арасындағы басты айырмашылық неде?
2. Не себептен дін философиясының алғашқы өкілі Ксенофан Гомердің құдайлар концепциясын сынға алды?
3. Не үшін Платон Гомер мен Гесиодтың теологиясын сынады?
4. Сократтық «Евтифрон» диалогын оқып, талдап беріңіз.
5. Платонның пікірінше Құдай Ғаламды қалай жаратты?
6. Атеизммен күресті Платон «Заңдар» диалогінде қалай сипаттайды?

Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 3-том: Аристотель философиясы / құраст.: Қ.Ә. Әбішев. – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
4. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Лосева. (Серия «Философское наследие»). – М., Мысль, 1979. – 624 с.
5. Чанышев А. Н., Курс лекций по древней философии. – М., 1981.
6. Платон, Диалоги. – М.: Академический проект, 2017.